

Тақырыбы: «Достық деген не?»

Мақсаты: «Дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру. Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету. Адал дос, достаса білуге, адамгершілікке, сыйластыққа, үлкенді сыйлай білуге, үйретіп тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған оқу-қызметі:

«Достық » туралы болады.

Барысы: (суретпен жұмыс)

Тәрбиеші: Балалар , суреттен не көріп тұрсындар?

- Қәне, осы суретке қарап әңгіме құрастырайық.
- Ал, сендер достық дегенді қалай түсінесіңдер?
- Достық дегеніміз – екі адамның арасындағы сыйластық.ендеше, балалар бір-біріне адал, қамқор,тату дос болу керек. Балалар сендер бір-біріңізге көмектесесіздер ме?

Балалар: Ия

Тәрбиеші: Біздің қаламызда әртүрлі ұлттар тұрады, ал сендер осы ұлттарды атап бере аласыздар ма? . Біздің ол ұлттармен қарым-қатынасымыз қандай?

Сұрақ-жауап

- Баланың достығын неге шынайы адал деп айтамыз?
- Әңгіме қалай аталады? (Баланың жауабы)

Суретпен жұмыс.

Сурет бойынша әңгімелеу.

Ойын «Менің досым»

Ойынның шарты: Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: алда отырған балаға допты лақтырып, қағып алған баладан тәрбиеші достық туралы мақал-мәтелдер сұрайды.

1. Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.
2. Досы көппен сыйлас,
Досы азбен сырлас.
3. Достық-татулық белгісі.

Қорытынды

- Балалар, бүгін біз адал достық жайлы әңгімелестік. Достар әрқашан бір-біріне қолдау жасап, қамқорлық көрсетеді.

Балдырған баламыз,

Досты көп табамыз.

Қашан да, қайда да

Достар бір-біріне

Сенімді боламыз.

